

Өңірлердің аумақтық-салалық құрылымының өзгеру тенденциясы және оларды реттеу ерекшеліктері

Г.С. Смагулова, Р.А. Қабдолова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Мақалада Қазақстан аймақтарының аумақтық-салалық құрылымын талдау, аймақтық бәсекелік артықшылықтарды бағалаудың әдіснамалық негіздері және Қазақстан аймақтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету контекстінде олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді зерттеу қарастырылды.

Елдің аумақтық және салалық құрылымы өз алдына өндіріс аясының материалды және материалды емес салаларының жиынтығын білдіреді. Салалық құрылымға кіретін салалар мен салалар топтары арақатынасының өзгеру динамикасы, сонымен қатар оларды мемлекет аумағында орналастыру және дамыту қарқыны Қазақстанның шаруашылық кешенінің заманауи құрылымын сипаттайды. Соңғы он жылда материалды игіліктерді құрайтын - өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және құрылыс; ақпарат – коммуникациялық аяның салалары – көлік және байланыс; айналым аясындағы өндіріс үрдісінің жалғасуымен байланысты – сауда, материалды – техникалық жабдықтау, дайындау, қоғамдық тамақтану салаларының арақатынасына әсер ететін едәуір өзгерістер орын алды. Өндірістік емес аяны құрайтын салалар – бұл қызметтер саласы, оған қоғамға қызмет көрсетумен байланысты тұрғын – коммуналды шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету, көлік және байланыс; әлеуметтік қызмет көрсету салалары – денсаулық сақтау, дене шынықтыру, әлеуметтік қамсыздандыру; білім беру, мәдениет, өнер; ғылым және ғылыми қызмет көрсету; несие беру, қаржы және сақтандыру; басқару органдарының аппараттары; өзге де салалар.

Аймақты қаржыландырудың құрылымы кем дегенде үш өзара байланысты блокты қамтиды: «экономика», «халық», «табиғи орта». «Экономика» аймақтық блоктың құрылымы көп деңгейде ұлттық экономикалық жүйені ұйымдастыруға байланысты. Аумақтық қиықта салалық құрылымның өзгеру динамикасын, сонымен қатар осы блоктың өзгеру динамикасын ашатын негізгі индикатор ретінде жалпы аймақтық өнім көрсеткіші орын алады, оның негізінде әртүрлі салалар мен аумақтық – салалық құрылым сегментінің арақатынасы анықталады, сонымен қатар орта

және ұзақ мерзімді келешектегі өсу динамикасы туралы болжам жасалынады.

Салалық құрылымның өзгеру динамикасы белгілі бір деңгейде әртүрлі табиғи – ресурстық және даму және өсудің индустриалды-экономикалық бастапқы жағдайлары бар Қазақстан облыстарының әлеуметтік-экономикалық даму траекториясы түсіндіріледі. Қазіргі уақытта республика экономика үшін жалпы аймақтық өнімнің мөлшері, оның ел аумағында біркелкі бөлінуі және ұзақ уақыт бойына оның тұрақтылық өсуінің сақталуы едәуір маңызды.

Әлемдік экономикамен бірге Қазақстанның басынан өткерген жуырдағы дағдарыстық құбылыстар сол кезеңде одан ары шиеленіскен алдындағы құрылымдық диспропорцияны айқын көрсетті. Бүгінгі үрдістердің басталуына импульстарға қарағанда әлемдік қаржылық нарықтардағы оқиғалар және дамыған елдердегі құлдыраулар болды, қазақстандық экономиканың әсерін ішкі себептер және оның құрылымдарының ерекшеліктері – экспортқа шикізат салаларының өте қатты тәуелділігі, аймақтар деңгейіндегі шешілмеген мәселелердің болуы айқындады.

Заманауи сатының ерекшелігі жақын уақытта аумақтық-салалық құрылым өсудің негізгі алғышарттарынсыз қалыптасуында, нақтырақ айтқанда тұтынушылық сұраныстың төмендеуі, даму үшін несиелік құралдардың қол жетімділігі, тиімсіз бизнесті қайта құрылымдау үрдістері және т.б. Бұл контекстте аймақтық тұрғыда жағдай қалай дамитындығын талдау орынды болып табылады.

Соңғы 10 жылда (2000-2010 жж.) ЖАӨ көлемі жалпы республика бойынша 8,3 есе өсті. Айта кететін жайт, мұнда бізбен бақыланып отырған аумақтық-салалық құрылым мен отын, металлургиялық, химиялық кешендердің есебінен айқын

шикізаттық бағыттылығы бар Қазақстанның экспорттық әлеуеті арасындағы тығыз өзара байланыс байқалады. Қазақстандық экспорт құрылымында негізгі үлесті мұнай және мұнай өнімдері алады (35%), басқа маңызды тауарлық топтар болып түсті (17%) және қара (16%) металдар, кендер (12%) табылады; экспорттың белгілі бір бөлігі дәнді дақылдарға (9%) келеді. Жалпы аймақтық өнімнің көрсеткіші экономикасы экспортқа бағдарланған облыстарда едәуір жедел қарқындарымен өсті. Олардың қатарына ЖАӨ 11,5 есе өскен Атырау облысы, Ақтөбе облысы – 9,9 есе, Батыс Қазақстан облысы – 8,8 есе, Қарағанды облысы – 6,2 есе, Маңғыстау облысы – 11,5 есе кіреді. Негізгі импортталатын өнім болып машиналар және жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және автоматтар, химиялық өнімдер, минералды отын, азық-түлік тауарлары, дайын өнімдер және халық

тұтынатын тауарлар табылады.

Экономикада өндірістік үрдістің ақырғы фазаларды үдету мақсатында экономиканың аумақтық-салалық құрылымдардың едәуір қайта құрылымы ЖАӨ өзгеру динамикасы бойынша әлі жетпеді. Аяқталған өндірістік циклды құру мақсаттылығы сөзсіз, шикізатпен салыстырғанда дайын өнімді экспорттың үлкен табыстылығымен байланысты екені белгілі. Сондықтан Қазақстанның экономикасын құрылымдық қайта құру – орын алатын құбылыс, және бұл үрдіс үлкен қосымша капитал салымдарды қажет етеді.

Жылдан жылға қазақстандық экспорт-импорттың құрылымы іскерлік байланыстардың әртараптандыру жағына өзгеріске ұшырауына қарамастан, ТМД және Балтық дәстүрлі серіктес – мемлекеттермен сауда үлесі әлі де көп: оларға экспорттың 59% және импорттың 63% жуығы келеді.

1-кесте

2000-2010 жж. жалпы аймақтық өнімнің (ЖАӨ) өзгеру динамикасы

Қазақстан Республикасының облыстары	ЖАӨ, млрд. тенге		ЖАӨ-ң құрылымы, %	
	2000 ж.	2010 ж.	2000 ж.	2010 ж.
Қазақстан Республикасы	2 599 901,6	21 815 517,0	100,0	100,0
Ақмола	82 957,2	585 965,4	3,2	2,7
Ақтөбе	118 092,7	1 173 592,9	4,5	5,4
Алматы	124 564,2	997 712,0	4,8	4,6
Атырау	245 478,2	2 843 649,2	9,4	13,0
Батыс Қазақстан	118 374,5	1 048 779,5	4,5	4,8
Жамбыл	57 783,2	446 399,3	2,2	2,1
Қарағанды	299 947,3	1 872 842,3	11,5	8,6
Қостанай	158 853,3	856 747,4	6,1	3,9
Қызылорда	57 683,0	859 148,2	2,2	3,9
Маңғыстау	129 386,8	1 484 848,4	6,9	6,8
Оңтүстік Қазақстан	179 108,4	1 205 298,2	6,9	5,5
Павлодар	167 554,0	1 031 878,6	6,4	4,7
Солтүстік Қазақстан	71 109,1	466 955,2	2,7	2,2
Шығыс Қазақстан	238 923,7	1 244 102,6	9,2	5,7
Астана қаласы	134 931,9	1 774 185,2	5,2	8,1
Алматы қаласы	415 154,1	3 923 412,6	16,0	18,0

Соңғы он жылда ЖАӨ құрылымындағы жеке облыстардың үлестік мөлшері едәуір өзгерді (1-кесте). 2000 жылда Қарағанды облысы (11,5%), Шығыс Қазақстан облысы (9,2%) және Павлодар облысы (6,4%) барынша үлесті алып отыр. 2010 жылы өндірілген ЖАӨ көлемінің 16,0% жуығы Алматы қаласының үлесіне және Астанаға 5,2% үлесі келді. ЖАӨ - де Алматы қаласының үлесінің екі еседей артуы сол кезеңде телекоммуникациялық, несие-қаржылық, сақтандыру, инновацияның және осы аяның өзге де салаларын қамтитын қызметтер аясы қарқынды дамуы келді. Сонымен қатар, ЖАӨ жалпы көлемінде жеке облыстардың үлесі төмендеді. Қарағанды облысында 1990

жылдардың екінші жартысында «Испаткармет» металлургиялық комбинатында өнеркәсіптік өндіріс көлемі төмендеді, осы облыстың ЖАӨ-дегі үлесті салмақтың төмендеуін айқындады. 2010 жылы Қарағанды облысының үлесі салмағы 8,6% құрады, он жыл бұрын бұл көрсеткіш 11,5% құраған. Ұқсас жағдай Павлодар облысында байқалады. Аумақтық-салалық құрылымдағы мұндай өзгерістер Батыс Қазақстан және Қызылорда облысындағы мұнай-газ кен орындарын қарқынды игеру есебінен орын алды.

Аумақтық құрылымда өндірістік дамыған аймақтарға Маңғыстау (67%), Қарағанды (54,4%), Павлодар (51,3%), Қызылорда (46,5%) және Аты-

рау (45,6%) облыстары жатады. Ақтөбе, Атырау, Қостанай және Маңғыстау облыстарында тау-кен өндірісі басым. Ақмола, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында тау-кен өндірісінің үлесі 10% аспайды, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында 10-30% құрайды. Қостанай облысында соңғы он жылда тау-кен өндірісінің үлесі артты. Бұл өңдеуші өнеркәсіп үлесінің, электр энергиясы, газ және суды өндіру және бөлу үлесінің төмендеуі есебінен орын алды. Ақтөбе облысында бұл кезеңде өңдеуші өнеркәсіп үлесінің шамалы төмендеуі және электр энергиясы, газ және суды өндіру және бөлу үлестерінің төрт есе төмендеуі жағдайында тау-кен өндірісінің үлесі екі есеге артты. Ұқсас жағдай Батыс Қазақстанда байқалады. Осы екі облыста тау-кен өндірістері үлестерінің екі есеге дейін артуы көмірсутек шикізатын шығару көлемінің едәуір артуымен түсіндіріледі. Бұл фактор Маңғыстау облысындағы тау-кен өндірісі (1,4 есе) үлесінің артуына әсер етті.

Аграрлық сектор Солтүстік Қазақстан (39%), Ақмола (32,9%), Алматы (27,8%), Жамбыл (23,9%), Қостанай (23,2%) облыстарының экономикасында едәуір рөл атқарады. Динамикалық тұрғыда «құрылыс» саласы дамуда. Сонымен, құрылыс жұмыстарының көлемі Астана қаласында (17,6%), Атырау (12,8%), Ақтөбе (11,5%), Қызылорда (11,1%) және Алматы (6,7%) облыстарында республика бойынша орташа деңгейден асты.

Өнеркәсіптік өндіріс Қазақстанның экономикалық өсуінде айқындаушы рөл атқарады, оның үлесіне елдің ЖІӨ-нің үштен бір бөлігі келеді. Аймақтардың нақты өсуін айқындайтын факторлардың арасында мұнайгаз секторының іскерлік белсенділігінің рөлін, сауда және қызметтердің дамуы үшін аймақаралық нарықтардың ашықтылығының өсуін көрсетуге болады. Компьютерлік технология аясындағы капиталдың шоғырлануы, делдалдық қызмет желілерінің белсенді дамуы, жылжымайтын мүлікпен жүргізілген операциялардың өсуі облыстардың ЖАӨ-де сауда және қызметтердің үлесін арттыруға себін тигізді. Сонымен қатар облыстардың ЖАӨ салалық құрылымындағы құрылыстың өсуінің жалпы динамикасына қарамастан, бұл өсу өсудің экономикалық алғышарттары болмаған ішкі сұраныстың үлкен бөлігімен бекітілді, тартылатын несиелік құралдардың көлемдерімен анықталды.

Соңғы жылдардағы мердігерлік жұмыстар көлемінің қысқаруы құрылыстағы қосылған құнға теріс әсер етті, нәтижесінде ЖАӨ көлемінде Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында үлес салмақтары азайды.

ЖАӨ аумақтық-салалық құрылымын жетілдіруге оң әсер ететін фактор көлік және байланыс жұмыстары болып табылады. Талданатын кезең ішінде экономиканың осы сектор үлесінің төмендеудің тұрақты траекториясы болды. Облыстық қиықта жылдар бойынша өсу қарқындары қосылған құн жасауда көлік үлесінің жыл сайынғы үлесінің төмендеуі байқалады және ол жеткілікті тұрғыда тұрақты.

Қазіргі уақытта тұрақты дамудың негізгі жағдайларының бірі аймақтық биліктердің, өндірістік және өндірістік емес құрылымдардың, бизнес және халықтың экономиканың болашақ өсуінің ұзақмерзімді факторларын салу қабілеті болып табылады.

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста, көлік және байланыс, сауда және қызмет көрсетудің басқа аяларында өсудің әртүрлі қарқындары қосылған құнның өсіміне қысқамерзімді факторлардың әсерін көрсетеді.

Әрине, әлемдік нарыққа интеграция, ішкі нарықтардың қызмет ету мүмкіндіктерінің кеңеюі өсудің жоғары қарқындарына және ЖАӨ жалпы көлемінде өндірістік емес салалар рөлінің артуына себін тигізді. Аумақтық-салалық құрылымның және қосылған құнның ұзақмерзімді өсуіне қол жеткізудің жолдарын жақсарту негізіне жеделдетудің ұзақмерзімді факторлары салынуы керек еді, олар жиынтықта ең алдымен, ел облыстарының әлеуметтік-экономикалық дамуында ішкі қайшылықтарды еңсеруге бағытталуы қажет. Ел облыстарының нақты экономикалық өсуін айқындайтын факторлардың ішінен, мемлекеттің басты секторларының – мұнай-газ және тау-кен өндірісінің даму қарқындарына сөзсіз тәуелділігін сезінбейтін секторларды атап көрсетуге болады. Аумақтық-салалық құрылымды айқындайтын ұзақмерзімді факторлардың ішінде адам капиталының дамуын, жергілікті бюджеттің табыстылығына оң әсер ететін өндірісті құру, инфрақұрылымдық базаның бекінуін жатқызуға болады. Даму басымдылықтары облыстар бойынша жіктелуі керек.

Келтірілген талдаудан соңғы жылдары шаруашылық құрылымы едәуір өзгерді, материалды аяның, әсіресе металл және еңбекті қажет ететін өндірістердің үлесі азайғандығы туралы қорытынды жасауға болады. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы құрылымында, сонымен қатар жалпы аймақтық құрылымның өндіріс көлемдерінде сауда, құрылыс, қаржылық қызметтерді көрсету, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және қызметтердің өзге де түрлерінің үлесі артты. Өнеркәсіп құрылысында отын – энергетикалық кешенінің үлесі күрт ұлғайды, алайда сонымен бірге машина жасау және жеңіл өнеркәсібінің үлесі күрт төмендеді.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының өспелі дифференциациясы негізінде объективтік себептер жатыр.

Олардың ішіндегі барынша маңыздысы – облыстардың салалық құрылымындағы едәуір айырмашылықтар және олардың нарыққа әркелкі бейімделуі.

Аумақтық-салалық құрылымдардың әртүрлі деңгейлері және әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейінде жоғары дифференциация нарықтық қатынастардың қалыптасуы, қазіргі уақытта да мемлекеттің реттеуші рөлін күшейту шағын және орта бизнестің дамуына себін тигізетін институционалды құрылымдарды құру

қажеттілігі туралы деген қорытындыға алып келеді.

Литература

1. Михайлова Д. Драйверы качества. Прогнозные данные для экономик //Капитал. 2009. 26 ноября. – № 46 (233).
2. Регионы Казахстана в 2010 году: Статистический сборник /Агентство Республики Казахстан по статистике. - Астана, 2008.- 404 с.
3. Региональная экономика /под ред. Т.Г. Морозовой. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 2007.

Г.С. Смагулова, Р.А. Кабдолова

Изменение территориально-отраслевой структуры регионов и особенности их регулирования

В данной статье рассмотрены анализ территориально-отраслевой структуры регионов Казахстана, методические основы оценки региональных конкурентных преимуществ и комплексное исследование социально-экономического развития регионов Казахстана в контексте обеспечения их конкурентоспособности.

G.S. Smagulova, R.A. Kabdolova

Changing territorial and sectoral structure of regions and features of their regulation

This article describes an analysis of territorial and sectoral structure of regions of Kazakhstan, the methodological framework for the assessment of regional competitive advantage and a comprehensive study of the socio-economic development of Kazakhstan in the context of their competitiveness.